

24.11.2022 ж.

Мектеп асханасын және тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілген оқушылардың тамақтануын тексеру және бақылау

Біз, төмендегі құрамдағы комиссия мүшелері:

1. Б.Қадырова –комиссия төрайымы, мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
2. П.Қабиев – мектеп директоры
3. Т.Мусина –комиссия мүшесі, әлеуметтік педагог
4. С.Мурзағалиева – комиссия мүшесі, мектеп директорының бастауыш сыныптар жөніндегі орынбасары
5. Н.Абенова - медбике

Комиссия мүшелері асхана жұмысын тексере отырып, мына төмендегі жұмыстарды тексеріп, бақылады. Тексіріс асхана залының жалпы тазалығын және оқушылардың қол жуатын орнынан басталды. Асхананың іші таза. Сонымен қатар, асхананың ішкі бөлігі саналатын көкөніс сақтау, ет-сүт өнімдерін, су, ұн сақтайтын бөлмелер мен тоңазытқыштар түгелдей тексерілді. Аталған азық-түлік өнімдері талапқа сай екені анықталды. Асхананың тамақ жасауға арналған плиталар мен ыдыстардың және ыдыс жууға арналған арнайы бөлменің де тазалағы тексерілді. Асханада ыдыстар түгелге жуық жаңартылған.

Асханада кезекшілер уақытымен кезекшілік атқарып отыр. Күнделікті ас мәзірі ілінген, онда тағам атауы көрсетілген. Буфеттік тағам түрлерінің арасында тиым салынған заттар жоқ екені анықталды. Арыз-шағым дәптеріне ешқандай шағымдар келіп түспеген.

Ыстық тамақ ісуге арналған тамақтың нормаға сәйкес келуі, меню және оқушылардың тамаққа келу кестелері де тексерілді. Оқушылар кестедегі уақыт бойынша тамақтанып жүр. Ас мәзірі ілінген мәзірмен сәйкес берілді. Яғни бүгінгі күні мәзірде:




1. Плов
2. Компот
3. Салат белокапчанный капустой
4. Нан

Бүгінгі күні 1-4 сыныптар бойынша- 205 оқушы, 5-11 сыныптар бойынша -28 бала тамақтанды. Асханадағы тағамдардың бағалары нақтыланып көрсетілген. Комиссия мүшелері асханадан оқушы денсаулығына қауіпті заттардың сатылмауын қатаң түрде сақтау туралы ескерту айтылды. Комиссия мүшелері асхана жұмысын өз деңгейінде жүргізіліп жатқандығын тексерді.

Қол қоюшылар:

Мектеп директоры:
комиссия төрайымы:
комиссия мүшелері:

мектеп медбикесі:

 П.Қабиев
 Б.Қадырова
 С.Мурзағалиева
 Т. Мусина
 Н.Абенова